

5 дәріс. Музейдің білім беру қызметінің теориялық аспектілері Жоспар:

1. Танымдық аспект
2. Шығармашылық аспект
3. Әлеуметтік аспект

Бүгінгі таңдағы музейлердің білім беру қызметтерін негізгі үш аспекті бойынша қарастырамыз – танымдық, шығармашылық және әлеуметтік. Олар өзара тығыз байланыста бола отырып, осы бағыттағы музей жұмысын анықтайды.

Танымдық аспекті. «Танымдық» ұғымның негізіне философия мен көне ғылымдардың іргелі мәселесіне айналған «білім» ұғымы жатады. Үлгі ретінде көне философтарды мысалға келтіреміз. Мәселен, Платон білімге қарама қайшы «пікір» деп меңзесе, ал оны Аристотель «қабілетпен» теңеді, яғни кәсіпті, тілді, салт-дәстүрді дұрыс ұстана білуді ұсынды.

Антикалық ойды жалғастырушылар ұғымды жаңаша түсінікпен байытты, нәтижесінде білім тәжірибелі және теориялық аспектіде қарала бастады. Әрбір аталған аспектілер өз бойына ғылым, техника, дін, мәдениетті қосады, яғни ол тарихи-мәдениеттің тұтас элементін құрайды, оның ішінде музей маңызды орынға ие болды, себебі ол музей ісінің қалыптасуына және дамуына бағытталған практикалық тәжірибе мен теориялық ортаға жатады. Бұл жерде адам қызметінде кездесетін мәдениет пен техника және табиғат ескерткіштерін жинақтау, сактау, зерттеу және жариялау сынды бейіндері зерттеледі.

Ішкі эмоциясын оята (немесе белсендіріп) және ақылын дамыта отырып, ол адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша ғылыми және көркем өнер туындыларының бірлігіне негізделген музейлерді өз кезегінде өмір мектебі деп атауға болады.

Теориялық білімді бекітудің тағы бір жолы ғылыми конференциялар мен семинарлар, мерзімді басылымдар, оның ішінде музей коллекцияларының котологтері ерекше орынға ие, сонымен қатар ғылыми және әдістемелік еңбектердің жинақтары музейдің әдістемелік қызметінде көрініс табады. Осылайша, теориялық білім практикалық қызмет нәтижелерін және мәтіндерде жазылған ұғымдарды, заңдарды, теориялар мен концепцияларды талдау негізінде қалыптасады.

Практикалық білім практикалық қызметтің нәтижесінде қалыптасады, бірақ нақты сипатта болмағандықтан, тек ауызша дәстүрлерде ғана өмір сүре алады, яғни мәтін түрінде жазылмайды, демек түсінік түрінде, нақты заң түрінде, теориялар мен концепциялар негізінде қарастырылмайды. Әлемді нақты іс әрекет арқылы және сезіну арқылы ғана қабылдайтын баланың жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісінде айқын емес білімдердің рөлі ерекше. Бұл әсіресе өнерге баулуда ерекше бйқалады. Үлкен адамда айқын емес білімдер жүйесі көбіне болжамдар мен интуиция негізінде қалыптасады.

Қарастырылған екі білім үлгісі де адамның өз тәжірибесін түсініп, соны өз бойына сіңіруінің нәтижесінде пайда болған білім деп айтуда болады

(Касавин Т.И.). Демек, практикалық және теориялық білімді ол адам өз болмыс нақтылығына енгізген мән мағына ретінде көрсетуге болады. Ал адамның болмыс нақтылығы оқу үдерісі, салты немесе діні болуы да мүмкін. Негізінде білім адам тұрмысының әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстін ашады. Оның сапалы сипатын қарама қарсы терминдер арқылы анықтауға болады: дәлдік – болжамдылық, нақтылық – ықтималдық, негіз – көз көрерлік, түпнұсқа – репродукция, шындық – алдану.

Білім тағы бір сипатқа ие, ол – құндылық, оның өзі екі компоненттермен анықталады: игеруге кеткен еңбекпен және практикалық қызметте қолданылуы мүмкін біліммен.

Білім негізінде зат туралы, оқиға туралы мәлімет жатады, құрылымдық талдаудың нәтижесінде ол білімге айналады. Бүгінгі цифрлік технологиялардың дамыған қоғамында, ақпарат түсінігі өз алдына жеке мағынаға ие болды. Ол көбінесе шынайылығы нақтыланбаған жалпы сипаттағы мәліметтерден тұрады. Ал музейлердан алынған ақпараттарға келер болсақ, олар тарих туралы, өнер туралы, музей білімінің бейіндік салалары туралы білімдерді қалыптастыратын негіз болып табылады.

Жеке адамның білімді игеруі тану үдерісі арқылы жүзеге асады. Негізінде, білім осы үдерістің нәтижесі болып табылады. Осы терминді түсіндіру нақты философиялық білім қағидаларына және аналитикалық, герменевтикалық, феноменалдық, психоаналитикалық, өнертанушылық, мәдениеттанушылық теорияларға байланысты болмақ. Көбіне, «тану» адамдардың қарым-қатынасы мен қызметі негізінде іске асатын үдеріс деп түсіндіріледі. Егер ол арнайы танымдық мақсаттан бөлек адаммен (жеке тұлғамен) болмыс барысында жүзеге асса, онда «тану» үдерісін адамның қызметі мен қатынасының мағынасында ғана түсіндіруге болады. Ал білім болса, белгілі бір саладағы (ғылым, өнер, мәдениет) зерттеулер мен ізденістердің нәтижесінде пайда болады.

Музей саласын тану үдерісі адамның қоршаған ортаны өз тәжірибелерінің негізінде және ғылыми қағидаларды, өнегелі нормаларды, көркем бейнелерді бақылаумен іске асады. Адамның психикасына ұшқырлық пен вариабелдікті қосса, ол сапалы жаңа деңгейде қызмет етуге және қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Бірақ, тану – дегеніміз ол тек шынайылыққа мән беру ғана емес, ол сонымен қатар, адамға өз қызметі мен қарым-қатынасының бұрынғы игерген үлгісіне сай әрекет етпей, сонымен бірге, шығармашыл сипаттағы жоғарғы деңгейдегі үлгілерге және стандарттарға көбірек мән беруді ұсынады.

Шығармашылық аспект. Шығармашылық кез келген адам қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Білімді де адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі деп қарастыруға болады, өйткені ол табиғатқа, қоғамға және ең бастысы өз-өзіне көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру жағдайында жеке тұлғаны дамыту құндылығы өзектілігін жоғалтпақ емес, өйткені әлеуметтік мәдениетте «шығармашылық» қашанда жоғары әлеуметтік бағаға ие.

«Шығармашылық» термині философия, психология және мәдениет категориялары ретінде түсіндіріледі және ол келесідегідей мәнге ие:

1. «сапалы жаңаша заттай және рухани құндылықтар жасайтын адам қызметінің үдерісі»;

2. «бұрын ешуақытта кездеспеген сапалы жаңаша зат тудырушы қызмет»;

3. «биік интеллектуалдық деңгейге өтуге қатысты адам дамуының кейбір аспектісі».

Шығармашылық деп психологиялық зерттеулердің жиынтығын айтамыз. Бұндағы негізгі сөздер: дарындылық, қиял, ойдан шығару, ерекшелік, сезу, творчестволық елестету, жігерлілік және т.б.

Бірақ ғалымдар арасында, шығармашыл адам игеруге тиісті қасиеттер мен шығармашыл үрдіс туралы және оның өнімі туралы ортақ пікір жоққа тән. Десек те, шығармашылықты ғылыми зерттеу, көркемөнерлік процес және адамның практикалық қызметінде ынталандырушы және интегративті қызмет атқаратын негізгі фактор деп қарастыруға болады.

Көбіне, «шығармашылық» ұғымы көркем қызмет контекстісінде қарастырылады. Осы жағдайда, оны «бейнелі сана және өнер туындыларының жасалуымен» түсіндіруге болады. Көркем шығармашылық эстетикамен байланысты, демек, ол көркемдік талғам мен тәжірибелің қалыптасуына байланысты іске асады. Ол жеке тұлғаның үндестуіне алыш келеді.

Шығаршылық үдерістің құрылымының негізіне не жатады? Ағылшын ғалымы Г.Уоллес оның негізгі төрт фазасын белгіледі:

- ойдың инкубациясы (толығуы);
- нұрлану – мәселені терең сезіну және онымен әуестену;
- тексеру (байқау);
- шешім қабылдау.

Бұған қоса, егер ғылымда оның нәтижесі жасаған адамның жеке тұлғасымен емес, объективті заңдылықтармен және қажеттіліктермен (мақсаттармен) байланысты болса, онда ол көркем шығармашылықта өнер тудырушының ішкі жай күйінің, яғни тілектерінің, қоршаған органды қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Көркем және ғылыми қызметтердің ерекшеліктерін анықтап қарастыра отырып, А.Эйнштейн былай деп жазады: «Өлем біздің жеке үміттеріміздің аренасы болуын тоқтатқанда және біз оған таңдана әрі ерекше ілтипатпен қараған уақытта ғана Өнер мен Ғылымның патшалығына енеміз». Егер түсінгеніміз логикалық тілде айтылса, онда ол ғылыми қызмет. Егер ол саналы ақылға қолайлы емес түрлерде берілсе, бірақ интуициялық мәнге ие болса, онда ол көркем қызмет. Оларды өзара мүдде мен қызығушылықтар тоқайластырган мағаббат пен беріктік жақындастырады. Бүгінгі қоғамның бейіні әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірді қамтитын интеграциялық үдерістермен анықталады. Міне, сондықтан да бүгінгі таңда көркем шығармашылықта техникалық прогрессің қол жеткізген жетістіктерін қолданады. Мәселен, актерлік және режиссерлік, бейнелік, музикалық, хореографиялық құралдардың синтездік негізінде. кинематография, шоу-

бизнес, телевидениені алға жылжыды деп айтуға болады. Бұл процесте ерекше орында көркем жобалау, құрастыру және қоршаған ортаны безендіру (әрлендіру) ерекше орынға ие болады. Г.Г. Гадамердің мына ойын осы жерде айтуға болады: «табиғат адамның мығармашылығында туындаған барлық бейнелеу қызметін жоққа шығармайды». Шындығында, егер біз аймақтық, дүниежүзілік және басқа да көрмелерге назар аударсақ, онда қазіргі өмірді бейнелеудің кең таралған құралы, ол көркем безендірілген кеңістікте орналастырылған қозғалмайтын интерактивті объектілер екенін көреміз. Бұндай ерекшеліктер тек көркем музейлер ғана емес, сонымен қатар техникалық және басқа да музейлер (мысалы, Вашингтондағы Аэрокосмостық музей (АҚШ) немесе Торонтодағы өркениет тарихының балалар музейі (Канада), қызметінде интегративті процестер диологтық сипат алғып келе жатқанын айтуға болады. Ғылыми және көркем шығарма тікелей әлеуметтік мәдени ортада іске асады.

Әлеуметтік аспекті. Музей қоғамның бір бөлшегі және ол адамның әлеуметтенуіне оның ерте жас шағынан белсенді түрде қатысады және қоршаған ортаны түсінуіне мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға және қоғамға бейімделуі музей ортасында өзінің жеке тәжірибесін, білімдерін, іскерлік қабілетін және құндылықтарын келесі ұрпаққа беруі барысында іске асады. Бұл процесс үздіксіз білім концепциясына (Л.Г. Ильин) негізделген, өйткені, оның әлеуметтік мәдени тәжірибесі өзінің жеке құндылықтарына, бағдарларына, әлеуметтік нормаларды, рольдерді игеруіне байланысты іске асады.

Әлеуметтендіру үдерісі үш деңгейде жүзеге асады:

1. Биологиялық деңгей (филогенез) адам ағзасының кез келген даму кезеңінде анықталады. Бұл байланыс сонымен қатар, адамдардың өзара қатынасында этномәдени аспектімен анықталады.
2. Психологиялық-педагогикалық деңгейде адамның әлеуметтенуі оның белсенделілігінің және логикалық дамуының нәтижесінде жүзеге асады. Әлеуметтену барысында әлеуметтік қызметтіер нормалар, құқықтар, міндеттер сынды практикалық дағдыларды менгеру іске асады.
3. Әлеуметтік деңгей (онтогенез) адамның қоғаммен және әлеуметтік институттармен байланысын анықтайды, ол адамның үздіксіз даму жолын, яғни ұрықтану кезеңінен өмірден өту кезеңіне дейін қарастырады, сонымен қатар адам өзінің дамуы барысында өзіне және қоршаған әлемге деген көзқарасын әрдайым өзгертумен болады.